

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕСІ

ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ _____

дата

Алматы қ.

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітемін

ҒК Төрағасы  Г. Тасбергенова

2024 жылғы «29» қараша № 04 хаттама



ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ «ДЕБЮТ» СТУДЕНТТІК ТЕАТРЫ

Дайындады:			
Студенттермен және түлектермен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Ысқаков Ж.Ж.	
Келісілген:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Кулданов Н.Т.	
Сапа менеджмент секторының басшысы		Сарымсакова А.С.	29.11.24
Заң секторының басшысы		Мамедова Д.Я.	
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
II. ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРІН СИПАТТАУ	3
1. МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР.....	3
2. ҚҰРЫЛЫМЫ.....	3
3. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	5
4. ТЕАТРҒА МҮШЕ БОЛУ, ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР.....	6
III. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
IV. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	7
V. ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ	8

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	8 беттен 2 бет	

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Дебют» студенттік театры (бұдан әрі – Театр) – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (бұдан әрі – Консерватория) студенттерінің шығармашылық және мәдени дамуын қолдауға арналған ерікті шығармашылық бірлестік болып табылады.

2. Театр өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Консерваторияның ішкі ережелеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Театрдың қызметі кәсіби және әуесқой өнерді дамыту, жастардың актерлік шеберлігін жетілдіру және сахналық мәдениетті насихаттауға бағытталады.

4. Осы Ереже Театр мүшелерінің өзара қатынастарын реттейтін, Театрдың жұмысын ұйымдастыруды және оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін құжат болып табылады.

II. ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРІН СИПАТТАУ

1. Мақсаттар мен міндеттер

5. Театр мақсаты – Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту, театр өнері арқылы олардың тұлғалық, эстетикалық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, мәдени өмірге белсенді араласуына ықпал ету.

6. Осы мақсатқа жету үшін Театр келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) Театрлық қойылымдар мен сахналық көрсетілімдерді дайындау және ұйымдастыру;

2) Студенттерге арналған актерлік шеберлік, сахна тілі, сценография, режиссура бойынша шеберлік сабақтарын өткізу;

3) Консерватория ішіндегі және сыртқы шығармашылық байқаулар мен фестивальдерге қатысу;

4) Қоғамдық-маңызды тақырыптар бойынша театрландырылған қойылымдар арқылы тәрбие беру;

5) Студенттердің мәдени талғамын қалыптастыру және эстетикалық тәрбиесін жетілдіру;

6) Ұлттық және әлемдік театр өнерінің үлгілерін насихаттау.

2. Құрылымы

7. Театр құрылымы:

1) координатор;

2) төраға/төрайым;

3) жауапты хатшы;

4) Театр мүшелері;

5) режиссер.

8. Координатор – Консерватория әкімшілігі тарапынан тағайындалған куратор, Театрдың жалпы басқаруын және қызметін қолдау көрсетеді. Ол оқу

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ		8 беттен 3 бет

орнының басшылығымен байланыс орнатып, ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес береді.

9. Төраға/төрайым – Театрдың сайланбалы жетекшісі, Театр мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады, Театр мүддесін Консерватория әкімшілігіне білдіреді, іс-шараларды бастайды және үйлестіреді.

10. Жауапты хатшы – Театрдың құжаттамасын жүргізеді, отырыстарды ұйымдастырады, шешімдерді тіркеп, олардың орындалуын қадағалайды, Театр мүшелері мен әкімшілік арасындағы байланысқа жауап береді.

11. Театр мүшелері – Театр қызметіне, спектакльдеріне белсенді қатысатын, іс-шараларды ұйымдастыратын және студенттердің бейімделуі мен өзара әрекеттесуін жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыратын студенттер.

12. Режиссер – қойылымдардың дайындалуына, сахнаға шығарылуына толық жауап беретін, сондай-ақ сценарийлерді пысықтауға жауапты тұлға;

13. Театрдың жоғары органы – «Жалпы жиналыс». «Жалпы жиналыс» Театр мүшелерінен тұрады.

14. «Жалпы жиналыстың» өкілеттіктері:

1) Театр ережесін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Театрдың негізгі бағыттары мен бағдарламаларын анықтау;

3) Театр мүшелерін қабылдау және шығару мәселелерін қарастыру.

14. Театрдың отырысын Төраға/төрайым жүргізеді.

15. Театр отырысы барысында хатшы протокол жүргізеді.

16. Театр айына кемінде бір рет жиналады.

17. Театр басқа жастар ұйымдарымен және Консерваторияның клубтарымен бірлескен іс-шараларға қатысады.

18. Өз жұмысында Театр мына құжаттарды басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-III «Мәдениет туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік кодексі;

3) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты Курманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 2 қазандағы № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген;

4) Халықаралық келісімдер;

5) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты Курманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Академиялық адалдық кодексі, Ректордың 2022 жылғы 30 қарашадағы № КАЧ-15-22 бұйрығымен бекітілген;

6) Осы Ереже.

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	8 беттен 4 бет	

3. Жұмыс тәртібі

19. Координатордың міндеттері:

- 1) Театр мүшелеріне жиналыстардың уақыты мен орны туралы ақпарат беру;
- 2) Театр қызметіне қатысты қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- 3) Театр мүшелерінің ережелер мен талаптарды сақтауын бақылау;
- 4) Театрдың Консерватория әкімшілігімен және сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесуін қолдау.

20. Төрағаның/төрайымның міндеттері:

- 1) Театрдың жалпы қызметін басқару;
- 2) Театрды Консерватория әкімшілігімен және басқа ұйымдармен таныстыру;
- 3) Театр отырыстарының күн тәртібін әзірлеу. Театрдың мүддесін келіссөздерде және ресми іс-шараларда қорғау;
- 4) Театр мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- 5) Театрдың қызметін дамытуға бағытталған іс-шараларды бастау және өткізу;
- 6) Театр отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;
- 7) Театрдың стратегиясы мен даму жоспарларын әзірлеу.

21. Жауапты хатшының міндеттері:

- 1) Театр отырыстарының протоколдарын жүргізу;
- 2) Театр құжаттамасын дұрыс жүргізу және сақтау;
- 3) Театр мүшелерін күн тәртібі мен қабылданған шешімдер туралы хабардар ету;
- 4) Театр мүшелері арасында ішкі байланыс орнату;
- 5) Театр жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар жинап, жүйелеу.

22. Театр мүшелерінің міндеттері:

- 1) Театрдың жиналыстары мен іс-шараларына белсенді қатысу;
- 2) Театр қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;
- 3) Театрда достық және инклюзивті атмосфераны қолдау;
- 4) Театр іс-шаралары мен жобаларын ұйымдастыруға қатысу.

23. Режиссердің міндеттері:

- 1) Театрдың шығармашылық бағытын айқындау және дамыту;
- 2) Қойылымдардың идеялық және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету;
- 3) Спектакльдерге сценарий тандау, оларды сахналау жоспарын жасау;
- 4) Актерлерді рөлдерге бөліп, репетициялық процесті басқару;
- 5) Актерлердің шығармашылық шеберлігін дамытуға ықпал ету;
- 6) Сценография, музыка, костюм және жарықпен жұмыс істеу барысында өз көзқарасын үйлестіру;
- 7) Театр қызметінің жалпы сапасын қадағалау және жетілдіру;
- 8) Театрдың ішкі тәртібі мен жұмыс жоспарының орындалуын бақылау.

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	8 беттен 5 бет	

4. Театрға мүше болу, құқықтар мен міндеттер

24. Театрға мүше болуға қойылатын талаптар:

1) Театрдың мүшелері тек Консерваторияда оқитын студенттер бола алады. Театрға мүше болу ерікті түрде жүзеге асырылады және ол материалдық міндеттемелерді жүктемейді;

2) Өртүрлі деңгейдегі ұқсас клубтарда жұмыс істеген студенттер, сондай-ақ осы мәселеге қызығушылық танытқан студенттік жастар да Театр мүшелері бола алады.

25. Театрға мүше болуды тоқтату:

1) Театр мүшесінің өз еркімен кетуі;

2) Театр ережелері мен талаптарын дұрыс орындамау, басқа Театр мүшелеріне қатысты дөрекі немесе үйлесімсіз мінез-құлық көрсету себепті Театр мүшелерінің көпшілігінің дауыс беруімен мүше болуды тоқтату.

26. Театр мүшелерінің құқықтары:

1) Спектакльдерге қатысу;

2) Пікірталастарға, бағдарламаларға және іс-шараларға қатысу;

3) Театр қызметі туралы ақпарат алу;

4) Театр атынан қоғамдық іс-шараларға қатысу;

5) Театрдан өз еркімен шығу.

27. Театр мүшелерінің міндеттері:

1) Театрдың ережелері мен талаптарын сақтау;

2) Театрдың ағартушылық идеяларын Консерватория студенттері арасында насихаттау;

3) Театр кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау;

4) Театрға жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмыс жүргізу;

5) Театрдың репутациясына зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болу.

III. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

28. Бұл ереже Консерватория басшылығының бекітуінен кейін, бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

29. Театр ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі тек «Жалпы жиналыс» шешімімен жүзеге асырылады.

30. Кез келген Театр мүшесі осы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы. Ұсыныс жазбаша түрде жазылып, толық дәлелдермен қамтамасыз етіліп, қол қойылып, Театр координаторына ұсынылады.

31. Театр жиналысы ұсыныс түскеннен кейін екі апта ішінде оны қарастырып, талқылауды ұйымдастыруы тиіс.

32. Театр қызметін тоқтату:

1) Театрдың қызметі ерікті түрде, жабу тәртібімен немесе басқа да заңды негіздер бойынша Театр мүшелерінің "Жалпы жиналысының" бірауыздан қабылдаған шешімі негізінде тоқтатылуы мүмкін.

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	8 беттен 6 бет	

IV.ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ		8 беттен 7 бет

V.ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» студенттік театры	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ		8 беттен 8 бет